

Мәдени мұра

Бүгінгі біздің елдің ұлы болып ұйысқан бес ғасырлық тарихында небір тар жол, тайғақ кешулер аз болған жоқ. Халық басына зулат бұлты болып үйілген қиылы замандарда ақыл-ойының шұғылалы шағын еліміз деп еңіреген ерлер талайсыз жұртының жарқын болашағы үшін қатерлі күреске арнады.

Қилы кезеңде қылша мойнын кеңестік жүйенің қылпылдаған қылышының жүзіне тосып, сол бір ұлы майданда «үштіктің» үкімімен қыршынынан қиылған алаш арыстарының бірі — Имам Әлімбеков. Туғанына 120 жыл толып отырған Имам Алаш қайраткері, ағартушы-демократ ретінде есімі тарихи жәдігерде мәңгілік қатталып қалған өткен ғасырдағы санаулы ғана қазақ зиялыларының бірі болды. Ол ұлтымыздың ұлы тұлғалары Әліхан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Әлімхан Ермековтермен бірге басын бөйгеге тіге жүріп, «Алаш» партиясын ұйымдастырды, қаналған жұртының ашы зары мен нала мұңын сырлаған «Сарыарқа» газетінің негізін қалап, оның алғашқы редакторы болды. Өнер-білімнен кенже қалған елінің тұрлы ертеңін білімнен іздеген алаш ардақтысы ат-жалын тартып мінісімен оқу-ағарту салаларында белсенді еңбек етті. Халқына қалтқысыз қызмет ете жүріп, шалғай қиырларда алғашқы сатылы мектептер ашуға, онда берілетін білімнің сапасына айрықша көңіл бөле білді. Өкінішке орай, бүкіл саналы тіршілігін алашының озық жұрттар қатарынан көрінуіне түн қатып, түс қаша жүріп өткен жанкешті еңбегінің тәтті жемісінің шырынын тату бақыты бұйырмай, небары 52 жасында «халық жауы» ретінде НКВД оғынан өмірі үзіліп кете берді.

Өткен ғасырдың алғашқы отыз жылындағы ел тарихындағы соқталы оқиғалардың басы-қасында болған И.Әлімбеков жайлы сол кездегі қоғам қайраткерлерінің шығармаларынан аздап болса да деректер табуға болады. Алайда «Алаш» партиясының негізін қалаушы, ағартушы-публицистің жайлы күні бүгінге дейін толыққанды жазылған еңбек жоқ деуге болады. Қасиетті Қарқаралы өңірінің тумасы, Алаш қайраткері Имам Әлімбеков жайлы әйтсе де қолына қалам ұстап оның ғұмырдерегін толықтыруға, қоғамдық қызметтерінің қалың қауымға белгісіз жақтарын зерттеп білуге талпыныс жасап жүрген ғалым-қаламгерлер, журналистер мен өлкетанушылар жоқ емес. Осы ретте бүгінде Ресейдің Санкт-Петербург қаласында тұратын белгілі өлке зерттеуші Юрий Попов, қарағандылық тележурналист Гүлнар Бұхарбаева, экономика ғылымдарының докторы, академик Рашид Кәреновтің соңғы 12-15 жылдың мұғдарында облыстық «Орталық Қазақстан», республикалық «Егемен Қазақстан» газеттері мен «Азия-Транзит» танымдық алыманғағында жарық көрген мақалаларынан алаш арысының өскен ортасы, қоғамдық ағартушылық қызметі, қоғам қайраткері отбасының кейінгі тағдырлары жаңа ретінде көптеген түйінді мәселелерге тәуір табуға болады.

Қамшының сабындай келіп тұрған ұғымында шолпан жұлдыздай жарқ етіп туып, ақыл-ой аспанында өшпес ізін қалдырған Имам 1885 жылы Қарқаралы уезі, Ақсары болысындағы Уақ қыстауында өмір есігін іңгелеп ашады. Әкесі Әлімбек өз дәуірінің ойы зерек, ақылға ұста адамы болады. Арабша хатқа жүйрік, көрең бөлен қария баласына жас шағынан-ақ терең білім беруді ниет етеді. Ол баласын ауылдағы молдада үш-төрт жыл оқытқаннан кейін Қарқаралыдағы орыс-қазақ мектебіне оқуға береді. Алғашқы сатылы мектепті ойдағыдай тәмамдаған балаң жігіт таудай талабына қанат байлап, Семей қаласындағы мұғалімдер семинариясына барып түседі. Осы оқу орнында кейіннен елдегі оқу салаларының тізгінін ұстаған көптеген талапты шәкірттермен бірге оқиды. Ж.Әуезовтің, А.Байтұрсынұлының, Ә.Ермековтің, М.Әйтұлының, Ә.Әлімбековтің негізін қалаушы ағасы Әбікей Сәтбаевпен қатар жүріп, білім алады. Семинарияны сәтті аяқтаған талапты тұлғек каладағы гимназияда оқытушы болуға жолдама беріледі.

Осы жылдарда жас оқытушы көне шаһарда тұратын таңсық озық ойлы азаматтарымен жете танысып, олардың арасында рухани достық күн озған сайын нығая түседі. Ж.Әуезовтің, А.Байтұрсынұлының, Ә.Ермековтің, М.Әйтұлының, Ә.Әлімбековтің негізін қалаушы ағасы Әбікей Сәтбаевпен қатар жүріп, білім алады. Семинарияны сәтті аяқтаған талапты тұлғек каладағы гимназияда оқытушы болуға жолдама беріледі.

Осы жылдарда жас оқытушы көне шаһарда тұратын таңсық озық ойлы азаматтарымен жете танысып, олардың арасында рухани достық күн озған сайын нығая түседі. Ж.Әуезовтің, А.Байтұрсынұлының, Ә.Ермековтің, М.Әйтұлының, Ә.Әлімбековтің негізін қалаушы ағасы Әбікей Сәтбаевпен қатар жүріп, білім алады. Семинарияны сәтті аяқтаған талапты тұлғек каладағы гимназияда оқытушы болуға жолдама беріледі.



АЛТЫ АЛАШТЫҢ АРЫСЫ ЕДІ

Алаш ардақтысы
И.Әлімбековтің
туғанына —
120 жыл

рынша мол жарық көріп, «үйқыдағы» елдің санасын сілқуде қызмет етуі оның қашанда қайнаған қоғамдық істердің бел ортасында болғандығын көрсетеді. Именің Алаш партиясындағы алған орны көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ақын-жазушы Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» атты шығармасында былай атайп көрсетіледі: «Алаш» партиясының Семейде ұйымдастырылған облыстық комитеті ашылды. Комитетке кірген кісілер: Әлімхан Ермеков, Рақымжан Мәскеу, Имам Әлімбеков, Тұрағұл Құнанбаев, т.б. болды». Осы кезеңде Именің «Алаш» партиясының Семей облыстық ұйымы төрағасының орынбасары, 1918-1919 жылдары шығып тұрған аталмыш партияның орталық үні «Сарыарқа» газетінің бас редакторы болған, сонымен қатар алаштықтардың атты әскері полкін жасақтаушылардың да бірі болған.

Әйгілі алаш қайраткері И.Әлімбеков 1900 жылдың өзінде Сарыарқаның қиыр пұшағындағы шағын ауылды тастап шығып, өмір есігін алыстан іздегенін әр жылдарда мерзімдік басылымдарда жарық көрген оның туыс-ағайындарының, үзеңгілік серіктері болған жерлестерінің құлдарынан айқын аңғаруға болады. Мұндай құнды деректерді алаш қайраткерінің жүйні, Қостанай қаласының тұрғыны Мақат Рақымбековтің, алаш арысының туған ұлы Имайқазымының, Әлімбековтің, қызы Әралимаш Имайқазымының, өлімі Ақсия Сафарованың, немере туысы Ормаш Қалиевтің облыстық басылым беттерінде әр жылдарда жарық көрген естелік деректерінен кездестіреміз. Кезінде танымал журналист-ғалым Рамазан Сағымбеков облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде шығарып тұрған «Мирас» тарихи-танымдық беттерінде Имам Әлімбековтің тағдырына қатысты мақалалар жариялап, алаш арысының өмірбаянын толықтыруға игі қадамдар жасалғаны белгілі. Осы игі шаруалардың басы-қасында болып, көзден жырақ, көңілден таса қалған белгілі тарихи тұлғаның ел үшін жасаған өлшеусіз қоғамдық қызметін, сол жолда көрген бейнет-мехнатын халық жадында қайыра жаңғыртуда маңызды жұртшылығына кеңінен танымал тележурналист Гүлнар Бұхарбаеваның ерен еңбегі де атап өтуге тұрарлық.

Имам туған ұясын бала шағында атта ұнып, өмірін қызулы шағын негізінен халық ағарту ісіне арнап, елінің сәулелі күнге жетер шағын аңсап басын тауға да, тасқа да соқты. Оның білім бұлағынан суындауы Қарқаралыдан басталады. Осында жасөспірім төменгі ауылшаруашылық мектебінде, қала-лық, сонан кейін екі кластық орыс-қырғыз училищесінде оқыды. Қарқаралыда ол Ахмет Байтұрсынұлының танысып, Әлімхан Ермековпен достығы. Арада он жыл өткенде рухани жақындық бұл қазақ зиялыларын «Алашорда» партиясының белгілі тұлғалары дәрежесіне жеткізді. Семей мұғалімдер семинариясын бітіргеннен кейін И.Әлімбеков Семейтау мен Құда, Павлодар мен Семейдің қалалық мектептерінде ұстаздық етті. 1917 жылдың наурыз айында патша билігінің қысымымен

Мәскеу мен Минск қалаларында саяси кінәсін жуу үшін елден жырақ кетуіне тура келді. 1917-1920 жылдар аралығында ол алаш серкелерімен бірге «Алаш» партиясын құруға белсене қатысады. Ол құрамына Халел Ғаббасов, Садық Дүйсенбаев, Әлімхан Ермеков, Райымжан Мәрсек, Тұрағұл Құнанбаев, Әліхан Бөкейынұлы кірген Семейдегі «Алаш» партиясының уақытша комитетіне мүше болып сайланады. Семейде совет өкіметі орнағанда қаланың Завод-Затон ауданынан соқпалік мұшелік сайланады. Осында халыққа белім беру ісін басқарып, өнеркәсіп және сауда комиссары қызметін қосымша атқарады.

Семейде Кеңес өкіметі уақытша құлаған кезде ол Ә.Ермековпен бірге Уфа, Самара, Челябинск, Омбы қалаларында болып «Алашорда» үкіметінің қызметіне қызу араласады. 1919 жылдың 4 наурызында Колчактың барлау қызметі И.Әлімбековті тұтқындан тұтқындан, оның үйіне тінту жүргізеді.

Ол мұнда сол жылдың 9 шілдесіне дейін қапаста ұсталды. Қарқаралыда совет өкіметі толық орнағаннан кейін Имам туған жеріне оралады. 1920-1930 жылдар ішінде Қарқаралы революциялық комитетінің, кейіннен уездік атқару комитетінің мүшесі болады. Осы жылдарда ол халық ағарту ісіне белсене араласады. Қаладағы педагогикалық техникумның негізін қалап, оның тұңғыш меңгерушісі болады. Сонымен қатар қаладағы екі басқыш мектепте дәріс беріп, бала күні досы Ә.Ермековпен қайыра қызметтес болады.

Имам Әлімбековті «Алашорданы» ұйымдастырушылардың бірі ретінде саяси қудалау 1930 жылдың сәуірінде басталады. Бір жылдан соң бостандыққа шыққан оны арада 10 күн өткенде қайыра тұтқындап, Семей түрмесіне жібереді. Мұнан әрі тағдырына бұлт үйіріліп, қызық кеңес чекістерінің қарауылына іліккен Именің қылыштың жүзінде қылпылдаған аласапыран өмірі басталады. Осы кезеңдерде Қарағанды, Омбы, Көкшетау қалаларын паналап, әр жұмыстың басын бір шалады. Алайда елінің ертеңіне сеніммен қараған алаш арысы төбесінен қаншама қара аспан төңсе де, жүрген жерінде жалпақ жұртын оқу-білімге үндеп, жас ұрпақтың жарқын болашағына қолынан келгенше қамқорлық жасауға тырысады. Кезінде алаш қайраткерінің өмір соқпағына түсіп, оның панибандық жолын біршама зерттеген қарағандылық өлкетанушы Юрий Попов «Алашорданың Әлімбеков» атты мақаласында былай деп жазды: «Қарағанды облыстық ҰҚК архивін ақтарып отырып, сталиндік қудалаудың тағы бір құрбаны, белгілі алашордашы Имам Әлімбековтің қамауда отырып, өз қолымен жазған өмірбаянын тауып таң қалдым» дей келіп, оның 1932 жылдың тамыз айында «Қарағандыоблхөзбаны» одағында қызмет істеп жүрген шағында тұтқындалып, үш жылға «Жезбаллагерге» жер аударылғанын жазды. Жазықсыз жапа шеккен ол кесімді жазасын өтегеннен кейін қайыра Қарқаралыға оралады. Туған жеріндегі Бесоба орталау мек-

теп-интернатына меңгеруші болып тағайындалады. Алаш қайраткерінің үміт пен күдікке толы өмір жолының тұйықталар кезін Ю.Попов былай суреттейді: «1937 жылдың 14 наурызында И.Әлімбеков пәтерінде тінту жүргізіледі. Оның алашордаға байланысын айғақтап, ілік боларлық «Алашорда тарихының очеркі», Абай өлеңдерінің томы, төрт фотосурет алынады. Сөйтіп, тағы тұтқындалып, тергеуге түседі. Ауылдан кугерлер топтал шақырылып, сұрау алынбаған бесобалық қалмайды. Бұл тергеу-жауапқа «Жұмысшы» мойынсерігінің бүкіл мүшелері қамтылады. 1937 жылдың 12 қыркүйегінде тергеу аяқталады.

Күстаналау соғу кезге таң құбылыс — «көңеске қарсы үгіт-насихат жүргізді» болып табылады. Екі күннен кейін Қарағанды облысының НКВД үштігі оны Қарағанды облысының өңірдегі үкім шығарады. 15 қыркүйек күні үкім орындалады. Өкінішке орай, оның жерленген жері белгісіз, архивтен бұл жөнінде ешбір дерек таба алмадым». Халқының бақыты үшін заманның бар жәбір-жапасына шыдап, жан дүниесі қаншама жаншыла жүрсе де, өмірінің

соңғы демі бітер шағын қияға біткен өмендей қасқая қарсы тұлған қазақ зиялысы Имам Әлімбековтің тұтқындалған күні жайлы кезінде облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде естелік жазған танымал ғалым, философия ғылымдарының кандидаты Оңайбек Құдышұлы былай сыр шертеді: «Мен Имам ақсақалды көзімнен көріп, одан тәлім-тәрбие, дәріс алғандардың бірімін.

1937 жылы Қарқаралы ауданының Бесоба орталау мектебінің 6-класында оқитынмын. Наурыздың орта кезі, қар еріп қатқанмыз. Мектебіміз екі қабатты үйде болатын. Үстіңгі қабатында оқу бөлмелері, астында интернат орналасқан. Бір кезде сырттан айқай-шу естіліп, далаға шықсам, бір топ бала-шаға дүркіреп, жиналып тұр екен. Бақсақ, өзіміздің қадірлі ұстазымыз, мектеп директоры Имам ағайды ұстап алып жөнелтіп деп жатыр деген суық хабарды естіп есеңгіреп қалдым.

Ол кезде Қарқаралыға бет түзеп те үлгерді. Сүйікті ұстазын қимай жылап-сықтаған шәкірттер сол келіктің соңынан қалмаған соң, милиционерлер ата-туына балуға айналды. Ол кезеңде 7-класста оқитын балауға ересек, еңгезердей жігіт болатын. Олар Именіңді айдап өсетін бара жұтқандарға тауылдырды...

Әкесінен аз күн өткен соң, асылдың ең таңдаулы азаматтарын топырлатып әкете бастады. Ашаршылықтан ат-тонымызды ала қашып, бүкіл Батыс Сібір өлкесін аралап, енді елге келіп, ес жинағанда көргеніміз осы болды. Бала кезімізнен осылай көкейімде қалып, есейгенде есімнен кетпей, жан дүниемді жәбірлеп жүрген «Алаш», «Халық жауы», «Сатқын» деген ұғымдардың мәніне көзім кейіннен жетті».

Тұңғыш айтқанда, ұлтын ұлықтап, қалың елі қазағының қаймағы бұзылмай озық жұрттар қатарынан көрінуін армандап өткен алаш арыстарының бірі, Қарқаралы өңірінің тумасы Имам Әлімбеков кеңестік жүйенің жапаң жаласы, жаққан қайысынан тазарып, қараға елу үш жыл салып қана ақталды. Қара ормандай қалың жұртымен қайыра қауышқан ағартушы, қоғам қайраткері, қаламы жұмыссыз баспасөз майталманын есте қалдыру жөнінде шара алынуы қажет-ақ. Бүгінде асыл азамат, айналасына білім нұрын шашқан өз кезеңінің озық ойлы тұлғасының туғанына 120 жыл толуын атап өту шараларын өткізуге оның соңында қалған ұрпақтары, бесобалық жерлестері берік қам жасауда. Өйткені, өткен ғасырдағы ел, қоғам тарихында өзіндік орны бар, шоқтығы биік рух шырақшысын ұмытуға ешбір қақпымас жоқ.

Рақым СМАҒҰЛОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

СУРПЕТТЕ: (солдан оңға мұқат қарғанда) Алашорда қайраткерлері Құраш САҒАНДОВ, Ахмет БАЙТҰРСЫНОВ және И.ӘЛІМБЕКОВ.